**Ақтөбе қаласы бойынша қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы**

***Күшін жойған***

Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық әкімдігінің 2012 жылғы 6 ақпандағы № 482 қаулысы. Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 23 ақпанда № 3-1-168 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының әкімдігінің 2014 жылғы 13 қаңтардағы № 91 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының әкімдігінің 13.01.2014 № 91 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы » Заңының 31, 37 баптарына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7 бабының 5 тармағына және 20 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» қаулысына сәйкес қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Жұмыссыздарды уақытша жұмыспен қамтуды ұйымдастыру үшін қоғамдық жұмыстың көлемі, түрлері және нақты шарттары қоғамдық жұмыстар өткізілетін ұйымдардың тізбесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. «Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Н.Х. Бөртебаева) осы қаулының жүзеге асырылуын қамтамасыз етсін.

3. 451-002-100 «Қоғамдық жұмыстар» бюджеттік бағдарламасы бойынша қаржыландыру көзі анықталсын.

4. Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 18 сәуірдегі № 1040 «Ақтөбе қаласы бойынша қоғамдық жұмыстар түрлерін, көлемін бекіту және оларды ұйымдастыру туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2008 жылдың 4 мамырында № 3-1-91 болып тіркелінген, 2008 жылы 13 мамырда № 56-57 «Ақтөбе», «Актюбинский вестник» газеттерінде жарияланған), Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 5 сәуірдегі № 800 «Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 18 сәуірдегі № 1040 «Ақтөбе қаласы бойынша қоғамдық жұмыстар түрлерін, көлемін бекіту және оларды ұйымдастыру туралы» қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2010 жылдың 21 сәуірінде № 3-1-131 болып тіркелінген, 2010 жылы 6 мамырда № 57-58 «Ақтөбе», «Актюбинский

вестник» газеттерінде жарияланған) қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары А.А. Арынғазиеваға жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі* *Н.Әбдібеков*

Қала әкімдігінің 2012 жылғы 6 ақпандағы № 482 қаулысына қосымша

## Уақытша жұмыспен қамтуды ұйымдастыру үшін, қоғамдық жұмыстың көлемі мен түрлері, қоғамдық жұмыстар өткізілетін ұйымдардың тізбесі

| № | Мекемелер атауы | Жұмыс және қызмет түрлері | Орындалатын жұмыс және қызмет көлемі табиғи көрсеткіштері | Берілген сұраныс | Бекітілді | Еңбекке қатысушының еңбек ақысының көлемі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Жұмыс орнының саны | Жұмыс орнының саны | |
| 1 | Қарғалы селолық округінің әкімдігі | Қарғалы селосы, Ақжар ауылы, Ясный селосы, Мағаджан ауылдарының көше бойын, қоқыс жәшіктерінің маңайын жинауға көмек көрсету, ағаштарды кесу, жиектастарды актау, қоқыстарды жинап, тазалауға көмек көрсету.<br>Тұрғындардың мекен-жайын анықтауға көмектесу. | 42,5 шақырым 68 көше<br>3734 аула | 15 | 15 | Қазақстан Республикас заңнамасымен белгіленген төменгі еңбек ақы |
| 2 | Құрайлы селолық округінің әкімдігі | «Ақтөбе-Мәртөк» тас жолы аумағын жинау.<br>Құрайлы, Георгиевка, Елек, Россовхоз селосы, 39 разъезд елді мекендерін тазалауға көмектесу. | 32000 шаршы метр<br>78200 шаршы метр | 28 | 15 | |
| | | А. К. Нокин, Пригородный, | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | Благодар селолық округінің әкімдігі | Садовое елді мекен аумағын жинастыру, қоқысты қолдап тиеп шығару. | 505700 шаршы метр | 70 | 25 | |
| 4 | Сазды селолық округінің әкімдігі | Село көшелерін тазалау. | 15 шақырым | 15 | 10 | |
| 5 | Новый селолық округінің әкімдігі | Новый, Құршасай елді мекендерінің көшелерін тазалау.<br>Округ бойынша аз қамтылған отбасыларды анықтау , халық және мал санағын жүргізу.<br>«Ауыл шаруашылығы жұмыстары» - малды егу, қолдан ұрықтандыру және бірдейлендіруді компьютерлік базаға енгізу жұмыстарына көмектесу. | 24900 шаршы метр<br>1735 отбасы<br>Ірі қара 2660, Ұсақ мал 5623 | 22 | 12 | |
| 6 | «Ақтөбе қалалық әділет басқармасы» ММ | Техникалық жұмыс: құжаттарды өңдеуге көмектесу,<br>архивтік жұмыс | 19780 дана<br>2300 дана | 25 | 16 | |
| 7 | «Қалалық әлеуметтік жәрдем орталығы» ММ | Ғимаратты тазалауға көмектесу | 195,1 шаршы метр | 1 | 1 | |
| 8 | Ақтөбе Аймақтық ғылыми- өндірістік сот сараптама зертханасы | Аула тазалауға көмектесу | 3000 шаршы метр | 1 | 1 | |
| 9 | «Ақтөбе облысы бойынша Салық департаменті» ММ | Техникалық жұмыс: құжаттарды өңдеуге көмектесу | 4800 дана | 6 | 3 | |
| 10 | Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық | Техникалық жұмыс: құжаттарды рәсімдеуге көмектесу , курьерлік жұмыс | 15368 дана | 10 | 5 | |
| 11 | «Ақтөбе облысы бойынша бақылау және әлеуметтік қорғау департаменті» ММ | Техникалық жұмыс: құжаттарды рәсімдеуге көмектесу , курьерлік жұмыс | 31000 дана | 5 | 5 | |
| 12 | «Ақтөбе қаласы бойынша Салық басқармасы» ММ | Құжаттарды өңдеуге көмектесу.<br>курьерлік жұмыс | 49632 дана<br>15840 дана | 50 | 50 | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 13 | «Ақтөбе қаласы ішкі істер басқармасы» ММ | Қоғамдық тәртіпті сақтауға көмектесу | Консьерж үшін жаңа жұмыс орындары ашылуына қарай | 70 | 40 | |
| 14 | «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша басқармасы» ММ | Техникалық жұмыс: құжаттарды өңдеуге көмектесу | 5634 дана | 5 | 3 | |
| 15 | «Ақтөбе облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті» ММ | Ғимаратты тазалауға көмектесу<br>Курьерлік жұмыс | 830 шаршы метр<br>9385 дана | 21 | 10 | |
| 16 | Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің Ақтөбе облыстық сотының кеңсесі | Техникалық жұмыс: құжаттарды өңдеуге көмектесу,<br>Курьерлік жұмыс | 58388 дана<br>71153 дана | 60 | 60 | |
| 17 | «Ақтөбе облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» ММ | Техникалық жұмыс: құжаттарды өңдеуге көмектесу. | 4711 дана | 4 | 2 | |
| 18 | «Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ | Техникалық жұмыс: құжаттарды өңдеуге көмектесу.<br>Ғимаратты тазалауға көмектесу,<br>Аумақты тазалауға көмектесу.<br>Курьерлік жұмыс. | 28782 дана<br>1969 шаршы метр<br>8314,58 шаршы метр<br>1760 дана | 40 | 15 | |
| 19 | «Ақтөбе қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» ММ | Техникалық жұмыстар: құжаттарды өңдеуге көмектесу.<br>Курьерлік жұмыс.<br>Картотека жұмысы. | 44100 дана<br>42800 дана<br>48000 дана | 55 | 55 | |
| 20 | «Ақтөбе облысының Әділет департаменті» ММ | Техникалық жұмыстар: құжаттарды өңдеуге көмектесу. | 71316 дана | 20 | 10 | |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 21 | «Ақтөбе облысы Сот актілерін орындау департаменті» ММ | Техникалық жұмыс: құжаттарды өңдеуге көмектесу.<br>Курьерлік жұмыс | 112200 дана<br>47060 дана | 30 | 30 | |
| 22 | «Ақтөбе облысы ішкі істері департаменті» ММ | Техникалық жұмыстар: құжаттарды өңдеуге көмектесу | 92400 дана | 10 | 5 | |
| 23 | Ақтөбе облысының прокуратурасы | Техникалық жұмыстар: құжаттарды өңдеуге көмектесу | 1300 дана | 8 | 6 | |
| 24 | Ақтөбе қалалық прокуратурасы | Техникалық жұмыстар: құжаттарды өңдеуге көмектесу | 1200 дана | 2 | 2 | |
| 25 | М.Құсайынов атындағы облыстық дарынды балаларға арналған мектеп - интернат | Аула тазалауға көмектесу | 8936 шаршы метр | 3 | 1 | |
| 26 | Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі | Аула тазалауға көмектесу | 274,6 дана | 1 | 1 | |
| 27 | «Ақтөбе облысының Төтенше жағдайлар департаменті» ММ | Техникалық жұмыстар: құжаттарды өңдеуге көмектесу | 1800 дана | 2 | 1 | |
| 28 | «Ақтөбе облыстық зағиптар және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасы» ММ | Техникалық жұмыстар: құжаттарды өңдеуге көмектесу | 1400 дана | 1 | 1 | |
| | Барлығы: | | | 608 | 400 | |

**Қоғамдық жұмыстың нақты шарттары.**

Жұмыс аптасы 5 күн, екі демалыс күндерін құрайды, 8 сағаттық жұмыс күні, түскі үзіліс 1 сағат. Еңбек ақысы еңбек табелінде көрсетілген нақты жұмыс уақытына байланысты жұмыссыздың жеке есеп шотына аудару жолымен жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК